

**"Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесін құру туралы**

Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 2026 жылғы 8 қаңтардағы № 02/01 қаулысы

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 19-бабы, 9)-тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасының Премьер - Министрі – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 230 бұйрығымен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларының 2-1-тармағына сәйкес, Саран қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлімше) құрылсын.

2. "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік тіркеуді;

2) Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Саран қаласының әкімі

Д. Бұлқайыр

Саран қаласы әкімдігінің
2026 жылғы "08" қаңтардағы
№ 02/01 қаулысымен
бекітілген

"Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлімше) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінде көзделген арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған адамдарға үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Бөлімше Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2026 жылғы "___" _____ № ____ қаулысымен құрылды.

3. Бөлімшенің құрылтайшысы мемлекеттік атқарушы орган – Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігі болып табылады.

Заңды мекенжайы: 101200, Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жамбыл көшесі 67 үй

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ, бөлімшеге қатысты бөлімшенің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

5. Бөлімшенің толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілде: коммунальное государственное учреждение "Отделение социальной помощи на дому" государственного учреждения "Отдел занятости и социальных программ города Сарани".

6. Бөлімшенің мекенжайы: индекс 101200, Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жеңіс көшесі 45 үй.

2. Бөлімшенің заңдық мәртебесі

7. Бөлімшенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Бөлімшенің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.

8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Бөлімше басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Бөлімше өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Бөлімшеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша

Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

10. Бөлімшенің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Бөлімше қызметінің мәні мен қызметтері

11. Бөлімше қызметінің мәні бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі психоневрологиялық патологиясы бар мүгедектігі бар балаларға, тірек-қимыл аппараты бұзылған бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға, жасына байланысты өз бетінше қызмет көрсетуге қабілетсіз бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету болып табылады.

12. Бөлімше қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес (бұдан әрі – Стандарт) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету болып табылады.

13. Мақсатқа жету үшін Бөлімше келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қызмет алушылардың жеке қасиеттерін ескере отырып, олардың жеке даму, әлеуметтену және интеграция деңгейін арттыруға бағытталған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

2) үйде қызмет көрсетуге мұқтаж қызмет алушыларды анықтау және есепке алу;

3) қызмет алушыларды және олардың отбасы мүшелерін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету көлемі мен түрлері туралы хабардар ету;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету қажеттіліктерін бағалау және айқындау;

5) көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыру;

6) барлық орындалған қызметтерді тұрақты тіркеуді, оларды түрлері мен санаттары бойынша жіктеуді, сондай-ақ ұсынылған қызметтердің нәтижелері мен тиімділігі туралы есептілікті қалыптастыру үшін деректерді жүйелі талдауды қоса алғанда, "Социум" платформасында алушыларға ұсынылған орындалған арнаулы әлеуметтік қызметтердің (АӘҚ) саны бойынша есепке алуды, статистиканы және есептілікті жүргізу;

7) таныс әлеуметтік ортада қолайлы моральдық-психологиялық ахуал құруға жәрдемдесу;

8) стандартқа сәйкес сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын жүргізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы қызмет алушыларға жан-жақты көмек көрсету;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі өзге де шараларды іске асыру.

14. Бөлімшенің осы Жарғыда бекітілген қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

15. Бөлімше қызмет мақсаттарына қайшы келетін мәміле Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, қала әкімі аппаратының, прокурордың талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Бөлімшені басқару

16. Бөлімшені жалпы басқаруды жергілікті атқарушы орган "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

17. "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Бөлімшені қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) Бөлімшеге мүлікті бекітеді;

3) Бөлімше мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Бөлімшенің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

5) Бөлімшенің шешімдерді қалыптастыру және қабылдау құрылымын, тәртібін айқындайды;

6) Бөлімше басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

7) Бөлімшенің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

8) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бөлімшені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

11) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Бөлімше басшысын "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Бөлімше басшысы бөлімшенің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және Бөлімшеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

20. Бөлімше басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес Бөлімше қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

21. Бөлімше басшысының жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

22. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Бөлімше басшысы:

- 1) Бөлімше атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Бөлімшенің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Бөлімшенің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Бөлімшенің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Бөлімшенің қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) Бөлімшенің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Бөлімше мүлкінің құрылу тәртібі

23. Бөлімшенің мүлкін оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Бөлімшенің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері себінен құрылады.

24. Бөлімше өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен өз бетінше шығаруға немесе оған өзгеше әдіспен билік етуге құқылы емес.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен Бөлімше кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 161-бабы 2-тармағында көзделген салаларында мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Бөлімшенің қызметі Қарағанды облысы Саран қаласының бюджетінен қаржыландырады.

27. Бөлімше бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

28. Бөлімшенің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Бөлімшедегі жұмыс тәртібі

29. Бөлімшенің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Бөлімшенің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Саран қаласы әкімдігінің шешімдері бойынша жүргізіледі және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімімен өтеді.

8. Бөлімшені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Бөлімшені қайта ұйымдастыру және таратуды Саран қаласы әкімдігі жүзеге асырады.

32. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған бөлімшенің мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

33. Осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған қаражатты қоса алғанда, таратылған Бөлімшенің ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК